



Сағынғали Сейітов

**ЖОЛДАС
УАҚЫТ
ТАҢДАМАЛЫ**

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1977

Сейітов Сағынғали.

С 31 Жолдас уақыт. Таңдамалы. Алматы.
«Жазушы» 1977.

408 бет

Ақын Сағынғали Сейітовтың есімі оқырман қауымға көптен таныс. Ол қырық жыл бойы совет адамдарының бақытты өмірін құлшына жырлап келеді. Советтік заманымыздың шабытты жыршысы Сағынғали Сейітов замандас бейнесін мүсіндеуге, оның ой-сезімдерін тебірене толғауға баса назар аударған ақындарымыздың бірі. Оның лирикалық қаһарманы — ыстық жүректі, өр қайратты, парасатты патриот, интернационалист, жасампаз, күрескер адам. Уақытпен үндестігі, сезім дүниесінің кеңдігі Сағынғали поэзиясының қадір-қасиетін танытады.

С $\frac{70403-30}{402(07)77}$ 90—77

Қаз2

1937—1947

КОМСОМОЛ БИЛЕТІ

Жас болсаң, біздің елдің жасындай бол.
Жайнаған жайдың шақпақ тасындай бол.
Кеудеңде Отан аты от боп жансын,
Тот басып, кір шалмайтын асылдай бол.

Еліміз ойдың алғыр, күштің тасқын,
Ерліктің туын ұстай туған жастың.
Күрескер коммунистің түлегіміз,
Таңғалтқан жердің үстін, аспан астын.

Коммунист жүрегі ол замананың,
Келешек тірегіне санағаным.
Тағдыры, өмір жолы коммунистің—
Сол менің мәңгі-бақи қалағаным!

Інісі коммунистің — комсомолым,
Сапында лек-лек болып самсап оның,
Келеміз қатар түзеп қалың қолдай,
Айт өзің, ұзақ па өткен сонша жолың?

Жасың бар жаңа жеткен жиырмаға,
Тараған даңқың бірақ қиырға да.
Сен дәйім заводтасың, забойдасың,
Сұлулық сән бересің жиынға да.

Жас күштің қаулап өсер құрыш тобы
Лениннің қызыл тулы комсомолы.

Сен берген билетім бар, аяулымдай
Ардақтап сақтаймын мен сүйіп оны.

Өтпеген кім бар сенің мектебіңнен,
Бір балап өмірінің көктемімен.
Бауырға ап балапандай бала жастан,
Кімдерге қасиетіңді екпедің сен.

Кірдім де он төртімде қатарыңа,
Ортақ боп жорығың мен сапарыңа
Өткіздім балғын шақты өзіңмен бір,
Кір келтірмей комсомол атағыма.

Көз салсам төңірекке оймен терең,
Өзімдей жап-жас өңшең жандар көрем.
Соғады бәрінде де бір-ақ жүрек:
Ленин — коммунизм — Отан! — деген.

Сол кезде ақын жүрек құмарланған,
Көтерсем билетімді қуанғаннан,
Көтерер миллион жас билеттерін,
Алдында ақ қанатты тұрар арман.

Ойлаймын тұрып сонда: дос бар, қас бар,
Не деген көп едік деп біздер — жастар!
Жастықтың елінде өсіп, жасау бақыт,
Жас достар жайраңдаған, отандастар!

...Күн қуып күн артынан күндер өтер,
Өтті дер оны сонда кімдер бекер,
Бөлкім, жастар «шалсың» деп әзілдейтін
Сақал, шаш бурыл тартар мезгіл жетер.

Жаныңның сәуле ойнаған жарығында,
Тозбайтын жастық бізде анығында.
Болғанмен өңім кәрі, сол кезде де
Қалармын комсомолдық қалыбымда.

ЖАЗ

Мен бүгін ой шыңына шықтым өрлеп,
Қырандай қанатымды көкке сермеп.
Бұлтты іреп, ауаны есіп пилоттарша
Зырладым көк бетінде салып өрнек.

Сүйсініп еркін еңбек әлеміне,
Ажарлы аймағыма — ән еліне,
Отырдым көзбен шолып, жаным ұйып
Жолдаған табиғаттың сәлеміне.

Көрдім мен жадыраған сұлу жазды,
Сайраған бұлбұлдары ерке назды.
Көрдім мен ақиықты аспандаған,
Таранған айна көлде аққу, қазды.

Құйып тұр әлемге ортақ күн де нұрын,
Сәулесі сәндендірген ойы, қырын.
Даланың мәңгі шаттық ұялағак
Ұрмақтай жанға жайлы көрдім түрін.

Әсем ән, домбыраның асау күйі—
Адамның адамға арнар абзал сыйы.
Көңліңді әлдеқайда жетелейді
Сал білек, сылаң қаққан қыздың биі.

Мезетте шырқалды ән бүркей көкті,
Қарық қып аспан, жерді нөсер төкті.
Па, шіркін, қандай тәтті бақыт әні,
Тербетіп шымырлатты жас жүректі.

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ ЖОЛЫҚТЫ

Қоңыр күзде әскерге
Аттанар шақ болыпты.
Айлы кеште ауылда
Қыз бен жігіт жолықты.

Қ ы з:

— Жолың болсын, жігітім,
Бір мен үшін бөгелме.
Қуанбайын қалайша,
Сақшы болсаң сен елге.

Мен де мұнда қаламын,
Реніш жоқ, уайым жоқ.
Сені ойлап алайда,
Сағынбайтын жайым жоқ.

Ардагерім, аман бол,
Қоштасайық қол кәні.
Алысқа тек кеткенде
Ұмытпасаң болғаны...

Ж і г і т:

Аттанамын алысқа
Ардақ тұтқан ауылдан.
Қорықпаймын жауыннан,
Қорықпаймын дауылдан.

Кірпік қақпай қиырда,
Күзетемін елімді.
Күзетемін мен сені,
Сақшы болам сенімді.

Сүйген сәулем, аман бол,
Қоштасайық қол кәні.
Мені алысқа кетті деп
Қамықпасаң болғаны...

Маужыраған қоңыр күз,
Селдір тоғай маңында,
Қыз бен жігіт қоштасты
Айлы кеште ауылда.

СТУДЕНТ СӨЗІ

Өңшең жас бейне қалың әскер болып,
Қисапсыз құралғандай корпус, полк,
Ғылымның қабат-қабат қамалына
Жатырмыз жан-жағынан жасап жорық,

Ұланбыз білім десе ұмтылымпаз,
Өнерпаз, ойланымпаз, құлшынымпаз.
Ынтықпыз жолаушыдай сусап келген,
Болмаққа қыз білімпаз, ұл білімпаз.

Білімнің таң сәулелі шыңын өрлей,
Қағамын қанатымды қатты сермей.
Емеспін именшек те, қорғаншақ та,
Тынбаймын шыңның ұшар басын көрмей.

Түндерде томға шомдым, ерінбедім,
Қолыма түспес білім тегін менің.
Ақтардым том түбінде отырып ап,
Томдарын Фейербах пен Гегельдердің.

Дананың кейбірімен келіспедім,
Көнбедім көне ойына,
беріспедім.

Қатесін айттым талай өздеріне
Мынауың жөн, мынауың теріс дедім.

Қалдым мен кейбірімен «жанжалдасып»,
Айтысып алуан түрлі томдарды ашып.
Ұнады кейбірінің сөзі маған,
Жатты да жақсысымен жан жалғасып.

Сүйдім де бүкіл жаным, жүрегіммен,
Тілdestім ұлы Маркс, Ленинмен.

Тоймадым балын қанша жұтсам-дағы,
Құмарлық құпиясын білемін мен.

Оп-оңай уысыңа ілінбеген,
Достарым, қандай тәтті білім деген.
Оны айтсам елестейді келешегім,
Анамдай құшақ жайып күлімдеген.

ШЕКАРАШЫ ҚҰРБЫМА

Жатыр ағып есіле
Бұлаң қаққан көне Амур.
Жатыр көлбей көсіле
Белес-белдер, дөң, адыр.

Шекараны күзетіп,
Жас жігіт жүр шолғында.
Алатаудың түлегі
Түлеп ұшқан ол мұнда.

...Сақ бол, құрбым!
Қарашы
Сыбдырлаған немене?
Қозғалады шөп неге,
Әлде біреу келе ме?

Жапырылып жапырақ,
Тапталған ба боз, көде.
Құмға түскен бедер не,
Із бе әлде өзге ме?

Қыраннан да қырағы,
Сен ояусың, сенемін.
Серік болып қасыңа
Мен де бір күн келемін.

КӨРИНДІҢ

Ал қара көк аспанның
Жұлдызындай көріндің.
Қызғалдақ боп құлпырған
Қыр қызындай көріндің.
Көктегі емес, жердегі
Айым болып көріндің.
Бетегелі белдегі
Қайың болып көріндің.
Бір сәт менің алдыма
Шынар болып егілдің.
Сен де маған, қарасам,
Құмар болып көріндің.
Бір сәт менің жанымға
Жыр болып та төгілдің.
Жүрегіме шипалы
Нұр болып та себілдің.
Көктегі емес, жердегі
Жұлдызымдай көріндің.
Бақытты елдің бақытты
Бір қызындай көріндің.

БІЛДІҢ БЕ?

Білдің бе, неліктен
Жүрегің лүпілдеп,
Елжіреп іш-баурың
Жанады түтіндеп.

Білдің бе, неліктен
Кей мезет сұрланып,
Кей мезет жүресің
Дидарың нұрланып.

Білдің бе, неліктен
Ұйқыңнан айрылдың.
Қызыл гүл бағына
Еріксіз қайрылдың.

Жайыңды, жас жігіт,
Өзің де ұғарсың.
Байқа, сен бір қызға
Құмартқан шығарсың...

ОЛ ҚАРАСА

Төсегінен тұрып ерте,
Қолаң қара шашын желпе,
Айна алдында көрінді ерке.
Иығына құлап толқын,
Сыр шерткендей сезім серпе.

Сыланады, таранады,
Сымбатына қаранады,
Көзінен нұр таралады.
Жаныңды өртер сол сұлудың
Жалт етіп бір қарағаны.

ЛӘМ ДЕЙ АЛМАН

Мен бір жанмын жүзбе-жүз
Көрісуді аңсаған,
Кездескенде көшеде
Ләм дей алман мен саған.

Жолықсам деп оңаша,
Құр сыртыңнан тамсанам.
Кездескенде бақшада
Ләм дей алман мен саған.

Жалғыз жүрсем атыңды
Атап тұрып ән салам.
Кездескенде концертте
Ләм дей алман мен саған.

Тұла бойым жалындап,
Құмартады жан саған.
Кездескенде кинода
Ләм дей алман мен саған.

Мен әйтеуір қымсынам,
Мен әйтеуір қысылам.
Тіл қатуға шама жоқ,
Жүрегімді ұсынам.

ҚҰБА ТАЛ

Сен дәл өзі сияқтысың
Дөңге біткен құба талдың.
Сенің жалын жанарыңнан
Жан жылытар қуат алдым.

Сен дәл өзі сияқтысың
Бойшаң біткен құба талдың.
Кездескенде көңіл толқыр,
Бәлкім, сені ұнатамын.

Өзге ойым жоқ сияқты,
Менсіз де өс, құба талым.
Қарындас деп жақсы көрем,
Қарындас деп ұнатамын.

ҚАЙДАСЫҢ

Қайдасың, қиялдағы көк орманым,
Көре алмай көптен сені көп арманым.
Кездесем деймін саған арасында
Көк орай көктей өскен көгалдардың.

Қайдасың, қуанышы өмірімнің,
Шегі жоқ саған деген сенімімнің.
Қайдасың, қысы-жазы тарқамайтын
Думанды жәрмеңкесі көңілімнің.

Қайдасың, көрінсеңші көзіме бір,
Айтатын сөзім дайын өзіңе бір.
Сен десе дариядай шалқып тасқан
Тіл де жыр, тілек те жыр, сезім де жыр.

ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНІНДЕ

Тағат қалмай күтемін,
Келер қашан жаңа жыл.
Әкеледі ол бізге
Жаңа бақыт, жаңа нұр.

Қуаныштың кеудеде
Есіп толқын самалы,
Оттай маздап үміттің
Шам-шырағы жанады.

Ән әдилеп, күй тербеп
Тұрды бақыт өлкесін.
Түн оянып ысырды
Қара мақпал көрпесін.

Соқты сағат он бірді,
Мезгілде жоқ саябыр.
Естіледі дубірі,
Келе жатыр жаңа жыл.

Өңшең достар отырмыз
Ойнап-күліп, әзілдеп.
Жас қонаққа ортадан
Қойдық орын әзірлеп.

Есік жаққа қараймыз
Кіріп келер қазір деп.
Көрсетпекпіз сый-құрмет,
Қолда барға мәзір деп.

Соқты сағат он екі!
Кіріп келді жас ұрпақ,
Босағада бөгеліп
Тұрып қалмай тосырқап.

Орын алды ортадан,
Қасымызға отырып.
Кеудемізді бақыт пен
Қуанышқа толтырып.

Айтпаса да байқаймыз,
Көп сияқты берері.
Дәулет, сәулет, ырыс, бақ —
Сол ғой бізге керегі.

Бокалдар да сол үшін
Сыңғыр-сыңғыр соғылды.
Құтты болсын жаңа жыл!
Әкел, досым, қолыңды.

КІМ?

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?
Жырымен жан сусынын қандырған кім?
Өзіне өзі орнатып ескерткішті,
Мұра ғып кейінгіге қалдырған кім?

Ерте оянып, ойланып ержеткен кім?
Талабын тас қияға өрлеткен кім?
Құба жон, құбақан құм, құла қырды
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?
Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?
Арманын аттандырып келешекке,
Біздермен осы күнгі тілдескен кім?

Тайсалмай, мыңмен жалғыз алысқан кім?
Жауына найза сөзін шанышқан кім?
Өзендей құйған барып көк теңізге,
Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?

Көрікті көңілде жыр, қолда қалам,
Өмірдің өріне өрлей басқан қадам.
Қазақтың өлеңінің ұлы атасы,
Ол — Абай, ұлты — қазақ, аты — Адам.

ШАҚЫР МЕНІ, ОТАНЫМ, АРМИЯҒА!

Шақыр мені, Отаным, Армияға!
Сал қиынға, қатерлі сал қияға.
Бер қолыма қайраулы қиғыр қылыш,
Бер арғымақ ілеспес бірге ұшқан құс.

Жиырмадан жаңа асқан жас жігітпін,
Мұз еріттім деміммен, тас жібіттім.
Жас жігітпін бойыма сыймас күшім,
Жанартау боп сілкінем мен сол үшін!

Ертең егер дүрілдеп қызса майдан,
Кем тимеймін жауыма нажағайдан.
Жаным пидә жолыңда бір тек сенің,
Шайқасамын біткенше ақтық демім.

Военкомат деректің білсін бәрін:
Мен КазПИ-дің ең соңғы курсындамын...
Шақыр мені, Отаным, Армияға,
Сескенбеймін, ең қиын сал қияға!

ОТАН МЕНІ ШАҚЫРДЫ

Ел шетіне жау тиді түн жамылып,
Білемісің, соқтыққан кім қағынып?
Қанқұмарлар Отанға оқ атқанда,
Үйде жата бермекпін мен нағылып?

Отан мені шақырды: Аттан! — деді.
Тартты әкеп көлденең ақтан керді.
Берді қолға қайраулы қиғыр қылыш, —
Орныңды тап әскери саптан! — деді.

Кетіп барам майданға, кетіп барам,
Туған ауыл тұсынан өтіп барам.
Кетіп барам, жолшыбай бөгелмеймін,
Шекараға заматта жетіп барам.

Жиырмадан жаңа асқан жас жігітпін,
Мұз еріттім деміммен, тас жібіттім.
Жетпей жатып жеңіске, бел шешпеймін,
Жетегіне ермеймін басқа үміттің.

Ризамын, мыңдардың ашып бағын,
Отан үшін төгілсе қасық қаным.
Жау басына түсемін жасын болып,
Сол себепті, достарым, асыққаным!

ОҚОПТА

Оң жағым оқ,
Сол жағым оқ,
Бір тыным жоқ.

Құлап қорған,
Шулап орман,
Ың-жың бар маң.

Әрбір тұстан
Қаптап дұшпан,
Құрсау қысқан.

Торып қайығы,
Торықпаймын,
Қорықпаймын.

Оң жағым оқ,
Сол жағым оқ,
Үйім — окоп.

Жауға үйімді бермеймін!
Жауар бұлттай өрлеймін!